**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** МКҚК №15 «Әлия» бөбекжайы.
**Топ №1 «Балапан» кіші тобы**
**Балалардың жасы** 2-3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі 20.02.-24.02.** 2023. жыл.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 20.02.2023ж | Сейсенбі 21.02.2023ж | Сәрсенбі 22.02.2023ж | Бейсенбі 23.02.2023ж | Жұма 24.02.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Көңілді күн әнімен қарсы алу | Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу | Достық эстафетасы арқылы қарсы алу | Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді | Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме | Баланың денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың басқа балалармен қарым –қатынасы жайлы әңгіме | Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме | Баланың көңіл күйі туралы әңгімелсу |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Біздің ағзамыз» Мақсаты: адам ағзасының ерекшелігімен таныстыру **Әлеуметтік дағдылар** | «Үйдегі қауіпсіздік ережелерін білемін» Мақсаты: Ереже түрлерімен танысып, сұрақтарға жауап беру біледі **Әлеуметтік дағдылар** | «Алғашқы қарлар» сурет сериялдарымен жұмыс. Мақсаты: Табиғаттың өзгерісі туралы айтып бере алады**Коммуникативтік дағдылар** | «Менің сүйікті ісім». Мақсаты: Сүйікті ісі туралы айтады **Коммуникативтік дағдылар** | Суреттен не көріп тұрсың?» Мақсаты: Көрген суреттерді атап беру **Коммуникативтік дағдылар** |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертенгі жаттығу** | Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | 3–5 сөзден тұратын тіркестерді, сөйлемдерді айтады, ақпараттармен бөлісу дағдыларын дамыту .**Көркем әдебиет** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға карай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге, 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. **ЖДЖ:** Тізені | **Музыка** қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу дағдысын дамыту **1. Балаларды музыкамен карсы алу. Ойын:** Балалардың әрқайсысына | **Дене шынықтыру** Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге, 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. **ЖДЖ:** Бұрылу (оңға-солға), | | **Дене шынықтыру** Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге, 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әтешті құрастырамыз көлемі бойынша сақиналарды таңдай отырып, пирамиданы жинауға үйрету; үлкен және кішкентай сақинаны тапқызу; ұжымдаса әрекет ете отырып, пирамиданы жинауды орындату. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру **Сенсорика** ««Шұбар тауық»» орыс халқының ертегісін оқу.**Көркем әдебиет** парақ бетіне бояу жағу арқылы қарама-қайшы түстегі дақтарды | Қонаққа Алдар көсе келуін ұйымдастырумен балалардан өзі туралы не білетінін сұрау, жауап табуды үйрету Алдарға арнап білетін тақпақтары мен әндерін айтып, музыкаға би белеуін ұйымдастыру. Қимылды ойын ойнату. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка)** | Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі тыңдау дағдысын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін салып, мүсінін жасау. Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру жұмыстарын орындау **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** | **(көркем әдебиет)** Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып,түсі,көлемі бойыша қорабтарға жинау **(сенсорика)** | Аңдардың екіге бөлінген бөлшек картачкаларын үйлестіріп жапсыру **(жапсыру)** |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою.<br>**Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:**<br>1.Бірнеше доға астынан еңбектеу.<br>2. Допты қақпа арқылы домалатуды қайталау.<br>**Ойын:** «Апандағы аю» ойынын ойнау.<br>**Қорытынды:** «Денені еркін ұста» баяу әуен ырғағымен демалу. | алма ағашының суреті және қиып алынған жеті алма үлестіріледі. Орындалған шығарманы тыңдап, сиқырлы ағаш бұтақтарына алмаларды дыбыс биіктігіне сәйкес орналастырады. Ағашта бейнеленген бұтақтар нота сызықтары, ал алмалар нота ретінде колданылады.<br>**2. Музыка тыңдау.**<br>Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан» әні. Дауыстарын салған балаларды мадақтау.<br>**«Шөжелер»** биін таныс би қимылдарымен билету. | қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму.<br>**Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:**<br>1. Бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшыменжүгіру.<br>**Ойын:** «Маған қарай еңбекте» ойынын ойнау.<br>**Қорытынды:** Тыныс алу жаттығуын орындау. | | отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою.<br>**Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:**<br>1. Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу.<br>**Ойын: «Қояным, қояным тұршы»** ойынын ойнау.<br>**Қорытынды:** «Бокс» тыныс алу жаттығуы |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйлестіріп бейнелей білу Әтешті бояу.**Сурет салу** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.**Өзіне –өзі қызмет ету дағдылары** | | | | |
| **Серуен** | **Еңбек:** шелекке кішкентай тастарды жинау.<br><br>Мақсаты: қолмен жұмыс істеуге үйрету. | **Көркем сөз:** Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. **Мақсаты:** Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету. | **Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1. Тығылыспақ.<br>2. Тартқышқа тартылу.<br>3.Допты қуалау.<br><br>**«Сақина» Мақсаты:** алақан арасына сақинаны жасыру арқылы шыдамдылыққа үйрету, тапқырлыққа баулу | **Дербес ойындар:**<br>1.Әткеншек тебу.<br>2.Ирек жолмен жүру.<br><br>**Қимылды ойын:**<br>**«Допты қуып жет».** Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшандыққа , ептілікке тәрбиелеу. | **Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру:**<br>1.Жарысу.<br>2.Төбешікке секіру.<br>**Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты:** Балаларды ептілікке , шапшандыққа үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. | | | | |

Сканировано с CamScanner

<table>
<tr><td>Түскі ас</td><td colspan="5">Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы</td><td colspan="5">Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)</td></tr>
<tr><td>Біртіндеп ұйқыдан ояту. Сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. (дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</td></tr>
<tr><td>Бесінас</td><td colspan="5">Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</td><td>тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды және ойыншықтарды пайдалана отырып, олармен ойнау дағдыларын қалыптастыру, кесектерді біріктіруге</td><td>Ертегі кейіпкерлерінің түстерін атау (Сенсорика) Бауырсаққа үй құрастыру құратырмалы ойынышықтардан (Құрастыру) Фланелеграфта ертегі</td><td>Ойыншықтар жәрмеңкесін ұйымдастырып, әр түрлі ойыншықтарды алып ойынан ертегі құрастыру дағдысын дамыту. Жануарлардың кимылы мен дауыстарын салу кабылеттерін</td><td>Қуыршаққа доп суретін салу, сазбалшықтан үлкен кіші доптарды жасау және Фланелеграфтағы қуыршақ қолындағы табаққа бауырсақтарды жапсырып, орналастыру дағдыларын</td><td>Әртүрлі көлемдегі заттардыатауын үйретіп, санын (біреу-көп),ажыратуын дамыту (сенсорика)</td></tr>
</table>

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету кеңістікті бағдарлауға үйрету, қағаз бетінде жұмыс істеуге жаттықтыру.**Құрастыру,жапсыру,мүсіндеу** | кейіпкерлерін сол жақтан оң жаққа қарай жапсыруды пысықтау **(Жапсыру)** | жетілдіру. **(көркем әдебиет)** біртекті ойыншықтардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуді үйрету. **(сенсорика)** Ойыншықтарға арнап әр түрлі заттар құрастыру **(құрастыру)** | қалыптастыру **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ұлттық ыдыстарды тап » Мақсаты : Ұлттық нышан ою туралы түсінік беру | «Бір сөзбен ата» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыту» | «Қуыршақтарға үй құрастырамыз». Құрылыс материалдары нан үй құрылысын салуды қалыптастыру. | Тазалық пен ұқыптылық туралы балалармен әңгімелесу.Гигиеналық заттарды қолдану туралы түсінік беру. | Альбом, суреттер қарастыру.Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары** | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кешкі ас** | Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу (сөйлеуді дамыту). | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **Қоршаған ортамен таныстыру** **Қимылды ойын: «Қай қолымда көп»**<br><br>Мақсаты: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**«Қандай пішін жетіспейді?»**<br><br>Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу.<br>Аружан, Аңсар | **Сенсорика «Дәл осындай пішінді тап»** Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. | **«Сақина»** **Мақсаты:** алақан арасына сақинаны жасыру арқылы шыдамдылыққа үйрету, тапқырлыққа баулу **Жапсыру «Вагондарға дөңгелек таңдау»**<br><br>Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. | **Дербес ойындар:**<br>1.Әткеншек тебу.<br>2.Ирек жолмен жүру.<br><br>**Қимылды ойын:** «Допты қуып жет». Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу.<br>**«Бізге кім келгенін тауып ал»**<br>Мақсаты: Айтылу мен есту жағынанан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге үйрету<br>**Сөйлеуді дамыту** | **«Сәйкес ұяшыққа орналастыр»**дидактикалық ойын<br>**Мақсаты:** ойлау қабілетін арттыру. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен қарандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру. | Ата-аналарға балаларға оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: Жолда жүру ережелері. | Демалыстарды жақсы өткізу ниетін білдіру |

**Тексерілді:**

**Бөбекжай директоры:**

**Г.С.Узакбаева**_______________

**«_____ » _____________ 2023. жыл**

Сканировано с CamScanner